



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo mangistaumunaigaz

№03 (197), СӘУІР, 2026

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСШЫСЫ ЖЕТІБАЙ КЕН ОРНЫНДА БОЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов өңірге жұмыс сапары барысында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнындағы өндірістік нысандарды аралады.

Қазіргі уақытта кен орнында қуаты 25 МВт болатын жаңа газ поршенді электр станциясының (ГПЭС) құрылысы аяқталуда. Жоба сыртқы энергия көзімен жабдықтаудың кідірістері салдарынан мұнай өндіру процесінің тоқтап қалу қаупін азайтуға және операциялық шығынды қысқартуға бағытталған. Негізгі жабдық жеткізілді, іске қосу және баптау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Пайдалануға беру 2026 жылдың 3-тоқсанына жоспарланған. Осыған ұқсас ГПЭС жобасы (10 МВт) Қаламқас кен орнында жүзеге асырылуда, ол да сол уақытта іске қосылатын болады.

Сонымен қатар ҚМГ басшысы Жетібай кен орнын басқару орталығының жұмысымен танысты. Бұл жобаның арқасында барлық негізгі өндірістік нысандардан келіп түсетін деректер бірыңғай цифрлық платформаға біріктіріліп, нақты уақыт режимінде мониторинг жасалады.

Өткен жиын барысында ММГ басшылығы компанияның 1-тоқсанда атқарған қызметінің қорытындылары, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйі және өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу және оларға жол бермеу бөлігінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға жеткізілді, цифрлық шешімдерді енгізу және қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытындағы шаралар туралы баяндады.

Жиынтық геологиялық қоры 20 млн тоннадан асатын спутниктік кен орындарын дамытуға айрықша назар аударылды. Биыл Оймаша кен орнында 3D сейсмикалық барлау жүргізу жоспарланып отыр, бұл геологиялық құрылымды нақтылауға және бұрғылаудың перспективті аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді. ММГ бірқатар іс-шараны жүйелі түрде жүзеге асырып келеді, соның ішінде терең және көлденең ұңғымаларды бұрғылау, өндірісті қарқындатудың заманауи технологияларын енгізу және карбонатты коллекторларда қабат қысымын ұстап тұру жүйесін қалыптастыру. Биыл компания 13 ұңғыманы бұрғылайды, бұл қорларды игеруге тартуды және өндіру деңгейінің өсуін қамтамасыз етеді.

ММГ-да цифрландыру бағытында кен орындарын игеруді тиімді басқару үшін озық IT шешімдерімен машиналық оқытудың алгоритмдері енгізілуде. Мәселен, «Сапарларды басқару» жобасы бойынша Қаламқас және Жетібай кен орындарында жүйені 2026 жылдың ортасында іске қосу үшін интерфейс әзірленіп жатыр. АВАІ жүйесіне жаңа ұңғымалардың цифрлық рейтингін құрастыру үшін жасанды интеллект енгізілуде, бұл болжамды талдауды жеделдетеді. Aspara платформасында электронды наряд-рұқсаттар тестіленуде.

Қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға қатысты мәселелер жеке қаралды. Компания жатақханалар, асханалар мен түрлі тұрмыстық үй-жайларды салу және жаңғырту жөніндегі жобаларды жүйелі іске асырып келеді.

Жиын қорытындысы бойынша А.Хасенов ресурстық базаны дамыту, мұнай өндірудің тиімділігін арттыру, сондай-ақ өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет екенін атап өтті.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

«ТҰЛҒА»: ЖАС БУЫНҒА ЖАҢА СЕРПІН



7-8 сәуір күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандарына арналған «Тұлға» оқыту бағдарламасының алғашқы модулі аяқталды. Бұл жоба компаниядағы жас қызметкерлердің кәсіби және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды бастама болып табылады.

Бағдарламаның ашылу салтанатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде жас мамандардың компания дамуына қосар үлесі зор екенін атап өтіп, бұл бағдарлама олардың кәсіби

тұрғыда өсуіне үлкен мүмкіндік беретінін жеткізді.

Бағдарлама сәуір мен маусым айлары аралығында өтеді. Оған өндіріс саласында еңбек етіп жүрген 20 жас мұнайшы қатысуда. Жоба барысында қатысушылар заманауи білім мен тәжірибе алмасып, өз салаларында

жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндік алады.

Оқыту бағдарламасының бірінші модулі көшбасшылық тақырыбына арналды. Алдағы кезеңдерде жас мамандар өндірістік тиімділікті арттыру, креативті ойлау, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану және презентация жасау дағдыларын меңгереді. Бұл бағыттар қазіргі өндіріс талаптарына сай келетін, бәсекеге қабілетті маман қалыптастыруға негіз болады.

Бағдарламаның қорытынды кезеңінде қатысушылар өз жобаларын қорғап, өндірісте жүзеге асыруға

болатын нақты ұсыныстар ұсынады. Бұл – теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға берілген үлкен мүмкіндік.

Мамандардың пікірінше, «Тұлға» бағдарламасы жас қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, болашақ басқарушы кадрларды даярлауға жол ашады. Мұндай жобалар компанияның тұрақты дамуына және кадрлық әлеуетінің нығаюына оң әсер етеді.

Осылайша, «Тұлға» бағдарламасы – жас буынның дамуына серпін беретін, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды алаңға айналмақ.

ҚАЛАМҚАС КЕН ОРНЫНДА «САЛАУАТТЫ САНА» КЕРУЕНІ ӨТТІ



17 наурыз күні Маңғыстау ауданы аумағындағы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Қаламқас кен орнында «Салауатты сана» керуені аясында еңбек ұжымымен кездесу өтті. Шара «Қаламқасмұнайгаз» оқу орталығында ұйымдастырылып, оған 100-ге жуық адам қатысты.

Кездесуге «Қоғамдық келісім» КММ өкілдері, облыстық Ақсақалдар және Аналар кеңесінің төрағалары, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы, мұнай және өндіріс орындарының әлеуметтік департамент басшылары мен кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Кездесуді Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Маралбек Сейлов жүргізді.

Жиында Маңғыстау облысы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар

кеңесі төрағасының орынбасары Жақсыгүл Маханбетова сөз сөйлеп, қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту, отбасы тәрбиесінің рөлі және жастарға дұрыс бағыт-бағдар берудің маңыздылығына тоқталды.

Маңғыстау аудандық Аналар кеңесінің төрағасы Түймеш Абдулаева отбасы институтын нығайту, аналардың қоғамдағы тәрбиелік рөлін арттыру мәселелерін көтерді. Ал Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары,

облыстық Аналар кеңесінің мүшесі Мереке Боранова «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында жүзеге асып жатқан жұмыстар туралы айтып өтті.

Кездесу барысында қоғамда алаңдаушылық туғызып отырған нашақорлық, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылдық секілді әлеуметтік кеселдердің алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды.

Шара барысында Ақтау қаласының уақытша бейімдеу және уытсыздану орталығының бөлім меңгерушісі Корлан Елеуова әлеуметтік дерттердің адам өміріне тигізетін зардаптары туралы айтып, зиянды әдеттердің алдын алу бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Кездесу соңында қатысушылар пікір алмасып, өз ұсыныстарын ортаға салды. Жиында қоғамдағы әлеуметтік кеселдердің алдын алу үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және еңбек ұжымдары бірлесе жұмыс істеуі қажеттігі атап өтілді.

Осындай кездесулер жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамауға үндейтіні сөзсіз.

ЗНАНИЕ – ЗАЩИТА



На месторождениях Каламқас и Жетыбай состоялись встречи работников Мангистауского областного центра по профилактике ВИЧ-инфекции с нефтяниками.

В ходе встреч специалисты подробно рассказали о профилактике ВИЧ, современных методах диагностики и значении раннего выявления инфекции. Особое внимание было уделено вопросам личной ответственности за здоровье.

В настоящее время количество ВИЧ-инфицированных в Мангистауской области составляет 788 человек. Поэтому, медики еще раз напомнили участникам о важности соблюдения мер, направленных на предупреждение ВИЧ-инфекции.

Также в рамках встреч, желающие нефтяники могли пройти добровольное экспресс-тестирование на ВИЧ и сразу узнать результат.

Мероприятия прошли в формате открытого диалога, работники получили актуальную информацию и практические рекомендации по профилактике.



80 жас **ӨНДІРІС ПЕН ӨМІР ӨРІН ҰШТАСТЫРҒАН ТҰЛҒА**



Маңғыстау мұнайының шежірелі тарихында есімі құрметпен аталатын, өндірістің қайнаған ортасында шыңдалып, саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған азаматтардың бірі – Өрен Сағындықұлы. Оның еңбек жолы – табандылық пен төзімнің, кәсібилік пен жауапкершіліктің, қарапайымдылық пен парасаттылықтың үйлесім тапқан жарқын үлгісі.

Өрен Сағындықұлы 1946 жылы Маңғыстаудың қасиетті топырағында дүниеге келді. Табиғаты қатал, бірақ рухы биік бұл өңірдің әрбір перзенті секілді ол да еңбек пен өмірдің шынайы мектебінен ерте өтті. Балалық шағы соғыстан кейінгі қиын кезеңдермен тұспа-тұс келіп, жоқшылық пен тапшылықты бастан өткерді. Алайда дәл осы кезең оның бойында қайсарлық пен шыдамдылықты қалыптастырып, алға ұмтылуға деген жігерін жандыра түсті.

Білімге деген құштарлығы оны Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтына жетеледі. Мұнда ол мұнай инженері мамандығын игеріп, болашақ өмір жолын нақты айқындады. Студенттік жылдарда тек кәсіби білім алып қана қоймай, үлкен өмірге деген көзқарасы қалыптасып, жауапкершілік сезімі тереңдей түсті.

Еңбек жолын 1969 жылы Өзен кен орнында қарапайым оператор болып бастаған жас маман өндірістің барлық сатысынан өтті. Бұл оның еңбекке деген адалдығын, істі тереңінен түсінуге деген ұмтылысын айқын көрсетті. Оператордан бастап шебер, ауысым бастығы, инженер, цех басшысы сынды қызметтерді абыроймен атқара жүріп, ол әр қадам сайын тәжірибе жинақтап, кәсіби тұрғыдан кемелдене түсті. Өндірістегі әрбір қиындық пен сын сағат оны шыңдап, нағыз маман ретінде қалыптас-тырды.

1984 жылы Қаламқас кен орнына бас инженер болып тағайындалуы – оның өміріндегі жауапты кезеңдердің бірі болды. Бұл қызмет үлкен білім мен тәжірибені ғана емес, батыл шешім қабылдай білуді, ұжымды ұйымдастырып, ортақ мақсатқа жұмылдыра алуды талап етті. Кейін «Қаламқасмұнайгаз» басқармасының бастығы қызметін атқарып, өндірісті жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосты. Оның басшылығы кезінде кен орнында өндіріс көлемі артып, жаңа технологиялар енгізілді, еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік тәртіп нығайды. Бұл – оның іскер ұйымдастырушы, көреген басшы ретіндегі қабілетінің нақты нәтижесі еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиындықтар – ел тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі болды. Осы уақытта көптеген кәсіпорындар тоқырауға ұшырап, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы қиындай түсті. Осындай сын сағатта Өрен Сағындықұлы ұжымды сақтап қалуға,

өндірістің үздіксіз жұмыс істеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Оның сабырлылығы мен табандылығы, адамдарға деген жанашырлығы ұжымға сенім ұялатып, қиындықтарды еңсеруге жол ашты.

Өрен Сағындықұлы тек өндіріс саласында ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенділік танытты. Ол әр жылдары жергілікті өкілді органдардың депутаты ретінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып, халықтың мұң-мұқтажын жеткізуде белсенділік көрсетті. Қай қызметте жүрсе де, ел мүддесін бірінші орынға қойып, әділдік пен адалдықты ту етіп ұстанды.

Оның болмысындағы ерекше қасиеттердің бірі – қарапайымдылық. Қанша биік белестерді бағындырса да, ол әрдайым кішіпейілдігін жоғалтпай, айналасына сыйлы, әріптестеріне құрметті бола білді. Жас мамандар үшін ол – тәжірибесі мол тәлімгер, өмірлік бағыт-бағдар беретін ұстаз.

Бүгінде Өрен Сағындықұлы – мұнай саласының ардагері, ел құрметіне бөленген абзал азамат. Оның өнегелі өмір жолы мен еселі еңбегі – кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес мұра. Мұндай тұлғалардың өмірі мен қызметі – ел тарихының ажырамас бөлігі, ұлт мақтанышы.

Қорыта айтқанда, Өрен Сағындықұлының ғұмыры – адал еңбектің, биік адамгершіліктің және елге деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Оның есімі



Маңғыстау мұнайының даму тарихымен қатар аталып, уақыт өткен сайын мәні мен маңызы арта берері сөзсіз.

Бүгінде Өрен Сағындықұлы – Маңғыстау мұнайының тірі шежіресі. Ол көрген, ол өткерген кезеңдер – тұтас бір дәуірдің тарихы.

Сексен жас – белес. Бірақ бұл тоқтау емес. Бұл – өмірдің биігінен өткен жолға көз тастап, алға үмітпен қарау.

Өрекеңнің ғұмыры – еңбектің, адалдықтың, адамгершіліктің үлгісі. Оның өмір жолы – кейінгі ұрпаққа өнеге, тарихқа тағылым.

Сексеннің сеңгіріне шыққан Өрен Сағындықұлына қарап, қазақтың «Жасың ұзақ болсын, жолың жарық болсын» деген батасының мәнін терең түсінесің.

Өмірдің талай сынынан сүрінбей өткен, елге еңбегі сіңген осындай азаматтар барда – елдің де еңсесі биік, ертеңі нұрлы болмақ.

Алла Тағала ғұмырыңызға ғұмыр қосып, абыройыңызды асқақтата берсін, ардақты Өреке!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

НАУРЫЗ – БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

Көктемнің шуақты мерекесі – Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурыз «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымына ерекше шаттық пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Наурыз мерекесін тойлау шеңберінде Қаламқас пен Жетібай кен орындарында, сондай-ақ бас кеңседе ұлттық дәстүрге бай, мазмұнды мерекелік шаралар кеңінен аталып өтті.

Салтанатты жиындарда компания басшылығы мұнайшыларды көктем мерекесімен құттықтап, өндірістегі табысты еңбегімен көзге түскен азаматтарды марапаттады. Ұжым арасында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар лайықты құрметке ие болды. Әсем ән мен күйге толы концерттік бағдарламалар көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, мол дастархан жайылып, мұнайшыларға ұлттық тағамдар ұсынылды. Бірлік пен берекені, дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстырған бұл мерекелік күндер ұжымның ауызбіршілігін айшықтап, Наурыздың шынайы рухын сезінуге мүмкіндік берді.



ҚАЛАМҚАС МҰНАЙШЫЛАРЫ – ИГІ ІСТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Қаламқас кен орны мұнайшыларының қайырымдылық жұмыстары аясында әріптестеріміз биыл баспаналы болған екі отбасының қоныс тойына қатысып, ақ тілектерін жеткізді. Әр шаңырақтағы қуаныш пен алғысқа толы сәттер ерекше әсер қалдырды.

Екі отбасының әрқайсысына 1 000 000 теңгеден ақшалай қолдау табысталды. Бұл – жаңа өмір бастаған жандарға көрсетілген шынайы жанашырлық пен қолдаудың белгісі.

Қаламқастық мұнайшыларға осындай кең жүректі, ізгі істері үшін шынайы алғыс білдіреміз. Сіздердің бірліктеріңіз бен қамқорлықтарыңыз көптеген отбасыға үміт сыйлап келеді.

Жаңа қоныс құтты болсын! Әр шаңыраққа береке, бақыт және молшылық тілейміз.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



МЕЙІРІМ МЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН КҮН



ЖАС МАМАНДАР КЕЖЕСІ «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ

Наурыз мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандары «Мұнайлы өлке» қоғамдық қорының қолдауымен қарттар үйіне арнайы барып, жүрекке жылу сыйлаған ерекше кездесу ұйымдастырды. Ізгілік пен қамқорлықты ту еткен шара аясында аға буын өкілдеріне құрмет көрсетіліп, мерекелік көңіл күй сыйланды.

Кездесу барысында әсерлі концерттік бағдарлама ұсынылып, ән мен жырдан шашу шашылды. Жастардың өнері мен ықыласына риза болған қариялар ақ батасын беріп, ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, ақ дастархан жайылып, ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелерге шынайы құттықтаулар айтылды.

Бұл бастама – тек мерекелік шара ғана емес, ұрпақтар сабақтастығының, мейірім мен жанашырлықтың жарқын көрінісі болды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – халқымыздың сан ғасырлық асыл мұрасы. Осы құндылықтарды

дәріптеген жас мамандардың әрекеті көпке үлгі.

Қариялардың батасын алып, алғысына бөлену – жастар үшін үлкен мәртебе. Осындай тағылымды кездесулер қоғамдағы бірлік пен ізгілікті нығайтып, ұлттық құндылықтардың өміршеңдігін айқындай түседі.



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС – БЕЙБІТ КҮННІҢ ҚОРҒАНЫ

Жер сілкінісі – бұл жер қыртысында немесе жоғарғы мантияда кенеттен орын ауыстыру мен жарылу нәтижесінде пайда болатын, серпінді тербелістер түрінде алыс қашықтыққа таралатын жер асты дүмпулері мен қозғалыстар.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-қимылдарды жетілдіру, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін одан әрі дамыту, сондай-ақ жойқын жер сілкінісі туындаған жағдайда әрекет ету дағдыларын жетілдіру, күштер мен құралдардың дайындығын арттыру мақсатында 2026 жылғы 24 наурыз күні «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының Мұнайды дайындау және өткізу цехы аумағында жоспарлы сейсможаттығу өткізілді.

Оқу-жаттығу барысында ықтимал төтенше жағдайдың шартты сценарийі пысықталып, қызметкерлердің жедел, үйлесімді әрі ұйымдасқан іс-қимылдары жан-жақты тексерілді.

Жаттығуға цех қызметкерлерімен қатар «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС-нің өртке қарсы қызметі және «Нейрон-Мед» ЖШС-нің медициналық қызметі қатысты. Шартты өртті сөндіру, зардап шеккен адамды эвакуациялау және алғашқы медициналық көмек көрсету шаралары толық көлемде жүзеге асырылды.

Оқу-жаттығу барысында келесі бағыттарға ерекше назар аударылды:

1. Жойқын жер сілкінісі қаупі туындаған кезде қабылданатын шаралардың тиімділігі мен деңгейін арттыру;
2. Қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарға оқыту;
3. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою барысында азаматтық қорғау күштері мен құралдарын басқару бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру;
4. Құлақтандыру және байланыс жүйесінің дайындығын, диспетчерлік қызметтердің жұмысын, материалдық-техникалық, азық-түлік және медициналық резервтердің жай-күйін тексеру;

5. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын, эвакуациялық шараларды нақтылау және жетілдіру;

6. Инфрақұрылымның, соның ішінде көлік қатынасының жедел қалпына келтіруге дайындығын тексеру;

7. Зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету тәртібін пысықтау;

8. Эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өзге өңірлерден авариялық-құтқару қызметтерін тарту тәртібін жетілдіру.

Жаттығу қорытындысы бойынша барлық қатысушы қызметтердің жоғары дайындық деңгейі байқалды. Іс-қимылдардың белгіленген тәртібі толық сақталып, қойылған мақсаттар орындалды. Нәтижесінде ұжымның төтенше жағдайларға дайындық деңгейі артты.

Дайындық пен сақтық – апаттың алдын алады.

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобы



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨРІНІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы бүгінде ел көлемінде кең қолдау тауып, қоғам өмірінің маңызды бағытына айналды. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғау ісіне тың серпін беріп қана қоймай, әрбір азаматтың табиғатқа деген жанашыр көзқарасын қалыптастыруға, экологиялық мәдениетті нығайтуға бағытталған.

Аталған игі бастама аясында Қоғам ұжымы да дәстүрлі түрде белсенділік танытып, өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған бірқатар нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Компания үшін мұндай бастамалар – тек қоғамдық міндет қана емес, корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі, ұжымдық жауапкершіліктің айқын көрінісі.

4 сәуір күні «Таза Қазақстан» акциясы және «Мөлдір бұлақ» бастамасы аясында Ақтау қаласының 15-шағынауданындағы жағалау аумағында ауқымды сенбілік ұйымдастырылды. Таңғы сағат 09:00-де амфитеатр маңына жиналған компания қызметкерлері теңіз жағалауын тұрмыстық қалдықтардан тазалап, құраған қамыстарды жинау жұмыстарын жүргізді. Ұжымның ұйымшыл әрекетінің нәтижесінде жағалау аймағы ретке келтіріліп, тұрғындар мен қала қонақтары үшін қолайлы демалыс орнына айналды.

Бұл бастама 11 сәуір күні де жалғасын тапты. Компания қызметкерлері кезекті сенбілікке шығып, жағалау аумағын абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Қолдарына қажетті құрал-жабдықтарын алған мұнайшылар тазалық жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, табиғатқа деген жанашырлықтарын нақты іспен дәлелдеді. Мұндай шаралар ұжым үшін игі

дәстүрге айналып, корпоративтік рухты нығайтудың тиімді тетігі ретінде қалыптасып отыр.

Сонымен қатар «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымы да экологиялық акцияға белсенді қатысты. 11 сәуір күні мұнайшылар Қарақия ойпатындағы табиғи бұлақ маңында сенбілік өткізіп, көпшілік демалатын аумақты қоқыстан тазартты. Жүргізілген жұмыстар барысында 16 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық жиналып, арнайы техниканың көмегімен шығарылды. Бұл – ұжымның табиғатты қорғауға деген жауапкершілігінің нақты көрінісі.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы да акция аясында бірқатар маңызды жұмыстарды жүзеге асырды. 3-4 сәуір күндері кен орны аумағында «Caspian Food» ЖШС әріптестерімен бірлесіп, 58 түп жеміс ағаштары отырғызылды. Ағаш отырғызу – табиғатты көркейтуге ғана емес, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға және болашақ ұрпаққа қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Экологиялық бағыттағы жұмыстар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Материалдық-техникалық жабдықтау департаментінде де жүйелі түрде жүргізілуде. Департаментке қарасты қойма аумағында өткен сенбілікке 60-қа жуық қызметкер қатысып, кешенді тазалық және абаттандыру жұмыстарын

атқарды. Нәтижесінде шамамен 1,5 тонна тұрмыстық қалдық шығарылып, аумақ толық тазартылды.

Бұдан бөлек, аумақты көгалдандыру мақсатында 80 түп ағаш көшеті отырғызылып, 3 дана қылқан жапырақты туя егілді. Қоршауларды сырлау, ағаштарды әктеу, жер қопару сияқты жұмыстар жүргізіліп, өндірістік нысандардың сыртқы келбеті айтарлықтай жақсарды. Ынтымақ кентіндегі қойма аумағында да тазалық жұмыстары толық көлемде атқарылды.

Жалпы алғанда, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы жүзеге асырған бұл шаралар компанияның экологиялық жауапкершілікті жоғары деңгейде сезінетінін және тұрақты даму қағидаттарын берік ұстанатынын көрсетеді. Қоршаған ортаны қорғау – компания қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде әрдайым назарда.

Қорыта айтқанда, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы мұндай бастамалар корпоративтік мәдениетті

нығайтып қана қоймай, қоғамда экологиялық сананы қалыптастыруға елеулі үлес қосады. Табиғатты аялау, тазалықты сақтау – әрбіріміздің ортақ міндетіміз. Ал Қоғам ұжымы бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыра бермек.



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚҰБЫР ҚҰРАСТЫРУ ІСІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАНЫ



«Oil Construction Company» ЖШС-дағы негізгі қызметтің бірі – құрылыс құрамдарын құрастырушы мамандікі. Құбырларды дәнекерлеуге дайындайтын жұмысшы аса жауапты, көзі қырағы, өзі ұқыпты болуы шарт. Ол дәнекерлеушілерге құбырларды алдын ала кесіп, дайындап береді. Бұл – үлкен мұқияттылықты, нақты өлшем мен есепті талап ететін жұмыс. Газетіміздің осы санындағы кейіпкеріміз аталған талаптардың бәріне сай келетін білікті маман, еңбек адамы – Нұрқожа Нұрбайұлы Тілепов.

1963 жылы Өзбекстанда дүниеге келген Нұрқожа Нұрбайұлы 1996 жылы елге қоныс аударып, сол жылдан бастап ОСС-да еңбек жолын бастайды. Ал 2003 жылдан бері тұрақты түрде құрылыс саласында жұмыс істеп келеді. Бүгінде 5-дәрежелі құбыр құрастырушы ретінде компанияда еңбек етіп жүр.

22 жылдық тәжірибесі бар сыртқы құбыр құрастырушы өз ісінің қиындығы мен қызығын көріп келеді. «Құрылыс құрамдарын құрастырушының жұмысы жасаған дүниенің сапалы шыққанымен қызық. Еңбегінің нәтижесін көзбен көріп, соған риза боласың. Әрине, кейде қателіктер де болады, қателеспейтін адам болмас, сірә. Ең бастысы – қате-

ліктен сабақ алып, келесіде қайталамау», – дейді өзі.

Ұжымдастары мен өндіріс басшылары да Нұрқожа ағайдың жұмысын жоғары бағалайды. «Нұрқожа Нұрбайұлы Қаламқас құрылыс құрастыру қызметінде ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп келеді. Оның өндірістің дамуына қосқан үлесі айрықша. Ол Қаламқас кен орнындағы күрделі құрылыс нысандарының салынып, іске қосылуына белсенді атсалысты. Суды алдын ала айыру қондырғысында, Мұнайды дайындау және айдау цехында газбен байланысты отқа қауіпті жұмыстарда, диаметрі 325-тен 1020 мм-ге дейінгі мұнай және су құбырларын құрастыруда мол тәжірибе жинақтаған білікті маман. Сонымен бірге қабатқа су айдау кәсіпшілігіндегі 125 см-ге дейінгі су қысымымен жұмыс істейтін жоғары қысымды құбырларды құрастыру ісінде де өз кәсібилігін көрсетті», – деді қызмет басшысы Досым Қойсариев. Ал шебер Тарас Бектұрғановтың айтуынша: «Тәжірибелі маман, бәрін келістіріп жасайды. Құбырларды дәл кеседі. Жұмысқа деген көзқарасы ерекше». Мұндай жылы пікір – ұзақ жылғы еңбектің, адалдықтың, кәсіби шеберліктің жемісі.

Нұрқожа Нұрбайұлы Ақтау қаласында тұрады. Немере-жиендерінің ортасында, отбасының қуанышын көріп отырған ардақты азамат. Тәлімі мол маман жастарға жол көрсетуден қашпайды, әрқашан білгенімен бөлісіп отырады. Жұмысынан ләззат алып, әр күнін игілікті іс істеп, адал қызмет етіп, жақсылықпен өткізуге тырысады. «Жұмысымыз жақсы, әр нәрседен кемшілік іздеуге болмайды. Адам жақсылыққа үміттену керек», – дейді ол.

Тілепов Нұрқожа – жұмысын жақсы көретін еңбек адамы. Осындай жандардың арқасында әлеуметтік тұрақтылық, экономикалық даму болары анық.

Индира СӘТЕНБАЙ
«Oil Construction Company» ЖШС

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

НАУРЫЗ - ЖАҚСЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

Наурыз - көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болуымен қатар, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық қасиеттерді бойына сіңірген ұлағатты ұрпақтарды дәріптейтін ұлттық мейрам. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілікті Жер-анамен тығыз байланыстырған қазақ елі үшін Көрісу дәстүрі - жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп саналады.

Ұлыстың ұлы күні – Аман мерекесін «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС биылғы жылы да ұлттық нақышта өткізді. Кезекті жұмыс аптасының алғашқы күнін ұжымдастар бір-біріне жыл басында айтылар ақ жарма тілектермен, қол алысып көрісуден бастады. 30 жылдық тарихы бар ұйымшыл мекемеде тойланған бұл мейрам әріптестердің бір-біріне деген тілектерін шат-шадыман қылды.

Қасиетті Рамазан айының «Ауыз ашарымен» тұспа – тұс келген биылғы ұжымдағы «Көрісу» ұлттық нақышта киінген ұжым қызметкерлерінің қол алысып, кеуде қағыстырып көрісуімен басталды. «Ақтау» базасы ғимаратының фойесіне жайылған баталы дастархан басынан жұмысшылар «Жыл бойы ағымыз бен нанымыз мол болсын!» деген ниетпен дайындалған дәмнен ауыз тиді. Кең жарқа көрісіп, ақ жарма тілектерін арнаған жұмысшыларға үлкендер бата берді.

«Наурыз» апталығының кезекті шараларының бірі - жұмысшылардың «Ауыз ашары» кешкісін арнаулы мейрамханада берілді. Кешірімді де, қасиетті айдың бұл шарасына ұжым зейнеткерлері шақырылды. Баталы сөздерінде еңбектің бейнеті мен зейнеті дәріптеген зейнеткерлер тілектерін Серіктестіктің Бас директоры Бигалиев Қуанбек Шәкірұлы

жалғастырды. Мерекелік шеру қорытындысында ынтымағы жарасқан ұжымның басшысы ұжым мүшелеріне «Жаңа жыл жақсылығымен, сәттіліктерімен, молшылығымен келсін! Еліміздің игілігі жолындағы ортақ қызметімізге табыс пен береке тілеймін! - деген мерекелік тілектерін жеткізді

«Қош келдің, өз Наурыз!» атты кешкі шара Аман мерекесін одан әрі жандандырды. Ұжым қызметкерлері арасындағы ерлер мен қыз-келіншектердің ұлттық киімдері, ұлттық нақышта киінген әжелер мен немерелер сайыстары, «гір көтеру», «асық ату», «арқан тарту» сайыстары өткізілді. Жеңімпаздар арнаулы сыйлықтармен марапатталды. Қазақтың түрлі мақал мәтелдеріне, сұрақ-жауаптарына арналған бұл ұлттық нақыштағы кештің жиналған ұжым мүшелеріне әсері көп болды.

Табиғат келіп жеткен жайсаң мезгілдің жайлылығын сездіріп, барша-мызға көктемгі ақ жаңбырды, жүрекке жылу үйірет ерекше Наурыз мейрамын тарту еткендей. Жаңа жыл басы жақсылықтарға толы болсын! Экономикалық дамудың жаңа бағытын ұстанып, қайта құруға алғашқы қадамдар бастаған жаңа Қазақстанның болашағы жарқын болсын! Төрге шыққан Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ардақты Алаш елінің абыройы асқақ болсын!

Жаңыл Байғожаева
«Ақтау» ӨЭУ қызметкері



ПРОФИЛАКТИКА ОНКОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Рак, или злокачественная опухоль - это группа заболеваний, характеризующихся ненормальным бесконтрольным ростом клеток, прорастающих в здоровые органы и способных распространяться (метастазировать) по всему организму. Подобный спонтанный рост молодых клеток крайне опасен для организма и может привести к его гибели.

Основные факторы риска развития онкологических заболеваний

- Табак
- Отсутствие физической активности, факторы, связанные с питанием, ожирение и избыточный вес

- Употребление алкоголя
- Инфекции
- Загрязнение окружающей среды

- Канцерогены, связанные с профессиональной деятельностью
- Излучение

При исключениях, основных факторов, которые повышают риск развития онко заболеваний у человека снижается риск развития онкологических заболеваний!

Ранняя диагностика онкологических заболеваний

1. Рак шейки матки
распространенное онкологическое

женское заболевание, которое встречается почти так же часто, как рак молочной железы. Рак шейки матки распознают даже на начальной, самой легкой для лечения стадии. Но можно и избежать этого заболевания, если вовремя принять меры по профилактике пройти скрининг. На раннее выявление предопухолевых заболеваний и рака шейки матки ждут женщин, не состоящих на диспансерном учете по поводу рака шейки матки, в возрасте 30, 34, 38, 42, 46, 50, 54, 58, 62, 66, 70 лет; Рак шейки матки – это единственный тип рака, который может быть предотвращен при помощи специальной вакцинации (прививки). В связи с тем, что основной причиной возникновения опухоли является вирус папилломы человека, своевременная вакцинация против данной инфекции может создать надежную защиту против инфекции и связанного с ней риском развития опухоли.

2. Рак молочной железы

Заболеваемость раком молочной железы растет быстрыми темпами. Всё чаще это заболевание обнаруживают у молодых женщин. Рак молочной железы чаще встречается у нерожавших, не кормящих грудью женщин, поздно родивших своих первенцев (после 30 лет), перенёсших аборт, не живущих регулярной половой жизнью. На раннее выявление предопухолевых и опухолевых заболеваний молочной железы

должны прийти женщины в возрасте 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 лет, не состоящие на диспансерном учете по поводу рака молочной железы;

3. Колоректальный рак - это собирательное понятие онкологического заболевания различных отделов толстой и прямой кишки. Ежегодно в мире диагностируется более 600 000 случаев колоректального рака, который занимает третье место по частоте заболеваемости среди других форм онкологических заболеваний. На раннее выявление предопухолевых и опухолевых заболеваний толстой и прямой кишки проверяются мужчины и женщины 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 лет, не состоящие на учете по поводу полипоза, рака толстой и прямой кишки;

Правила здорового образа жизни, которые помогут Вам предотвратить рак:

Принципы профилактического (противоопухолевых) питания:

- ограничение потребления алкоголя;
- ограничение потребления копчёной пищи, в ней содержится значительное количество канцерогенов, нитритов (нитриты используются для подкрашивания колбасных изделий);
- уменьшение потребления красного мяса (до 2 раз в неделю) и жира, т.к. в жирах содержатся канцерогены;

- употребление растительной клетчатки, содержащейся в цельных зёрнах злаковых, овощах, фруктах. Продукты, обладающие профилактическим действием в отношении онкологических заболеваний:

- Овощи, содержащие каротин (морковь, помидоры, редька и др.).

- Овощи, содержащие витамин «С» (цитрусовые, киви и др.).

- Капуста (брокколи, цветная, брюссельская).

- Цельные зёрна злаковых культур.
- Чеснок.

2. Отказ от курения. Научно доказано, что вдыхание табачного дыма увеличивает риск злокачественных опухолей.

3. Регулярная физическая активность предотвращает развитие многих видов рака. Всего 30 минут умеренных упражнений каждый день помогает снизить риск рака на 30-50%.

4. Сбросьте лишний вес. С ожирением связано около 14% случаев гибели от рака и более 3% новых случаев злокачественных опухолей ежегодно.

Информация о раке и его профилактике поможет Вам применить эти знания и защититься от рака.

Маханова З.Н.
Врач-терапевт ТОО «NEIRON MED»

ЖЕҢІСТІ КҮННІҢ ЖАРҚЫН ЖАҢҒЫРЫҒЫ



форматындағы бәсеке қысқа болса да, мазмұнды өтті. Төрт команда тартысқа түсіп, әрқайсысы өз шама-сын көрсетті.

Ал біздің команда алғашқы ойында-ақ мінез танытып, «QazaqGaz»-ды бір доппен тоқтатты. Екінші кездесуде «KAZMUNAI-GASPROF» кәсіподақ құрама командасына еш мүмкіндік қалдырмай, бес бірдей голмен айқындық үстемдігін дәлелдеді. Бұл – кездейсоқ нәтиже емес, дайындық пен сенімнің жемісі.

Сөйтіп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ командасы турнирдің алғашқы Суперкубогын иеленіп, жеңіс тұғырына нық көтерілді.



Жарыстың үздік сұрмергені атанған ПБЖЕАТД бөлім басшысы Мақсат Серікбаевты да ерекше атап өткен жөн.

Біз де ізгі тілектерге қосылып, командамызға алдағы уақытта бұдан да биік спорттық белестерді бағындыруына тілектеспіз!

31 наурызда Қоғам Басқармасы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ командасын мұнай-газ саласындағы топ-менеджерлер арасында өткен футбол турниріндегі айқын жеңісімен шын жүректен құттықтады.

Компания басшылығы бұл жетістік тек жоғары кәсіби дайындықтың ғана емес, сонымен қатар нағыз командалық рухтың, бірліктің және ортақ мақсатқа деген ұмтылыстың нәтижесі екенін атап өтті. Басқарма спортшыларға зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат және алдағы уақытта жаңа жеңістер тіледі.

Астана төрінде тұңғыш рет ұйымдастырылған «LEADERSHIP & PARTNERSHIP CUP» – атауының өзі айтып тұрғандай, көшбасшылық пен әріптестіктің сыналар алаңы болды. 8x8



ЖҰМЫСТА МЫҚТЫ — СПОРТТА АЛДА

16 наурыз бен 4 сәуір аралығында Қаламқас, Жетібай кен орындары мен Ақтау қаласының спорт алаңдарында ерекше атмосфера орнады. Осы күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары арасында Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесіне арналған спорттық жарыстар өтті.

Жарыс барысында қатысушылар әртүрлі спорт түрлерінен өздерінің күш-жігері мен ептілігін көрсетіп қана қоймай, Наурыздың жаңару, достық пен бірлік сияқты құндылықтарын кеңінен насихаттады.

Сайыстар шағын футбол, үстел теннисі, шахмат, волейбол, арқан тарту, қол күресі, садақ ату, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері — қазақша күрес, асық ату, ләңгі тебу және басқа да бағыттар бойынша өтті.



Әрбір бәсеке жарқын оқиғаға айналып, онда тек жеңіс емес,

әріптестердің өзара қолдауы, командалық рух және шынайы эмоциялар басты орын алды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер командалық және жеке сайыстарда бағалы сыйлықтармен және құрмет грамоталарымен марапатталды.

Сонымен қатар, арқан тарту, асық ату, садақ ату және қол күресі бойынша жүлделі орын алған командалар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жазғы спартакиадасына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Аталған жарыстар нағыз спорт мерекесіне айналып, мұнайшылардың тек өз ісінің кәсіби мамандары ғана емес, сонымен қатар қайсар мінезді, ұйымшыл әрі жаңа жеңістерге ұмтылатын жандар екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500